

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 қарашадағы N 1221 Қаулысы

Алматы қаласында Көктөбе тауындағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Алматы қаласының әкіміне Көктөбе тауындағы төтенше жағдайдың салдарын жою жөніндегі жұмыстарды жүргізуге 2004 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 200000000 (екі жүз миллион) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2004 жылы орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы есепті ұсынсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*